

Өндірістік цехтың тығындау жабдығының операторы

БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

Өндірістік цехтың тығындау жабдығының операторы келесі біліктілік талаптарына сай болуы тиіс:

- а) білім – тиісті мамандық бойынша жоғары білім, тиісті мамандық бойынша орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білім, жұмыс тәжірбиесі болуы талап етілмейді.

ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ

- Әрбір орындаушы бойынша өңделген жартылай фабрикаттардың, материалдардың және бұйымдардың санын есепке алады;
- Жұмыс жүргізу үшін жабдықты (аспаптарды, аппаратураларды) дайындап, оны тексеріп, әзірленген нұсқаулықтар мен басқа техникалық құжаттамаға сәйкес қарапайым реттеулер жүргізеді;
- Ауысым қабылдау және тапсыру, қызмет көрсететін жабдықтар мен коммуникацияларды тазалау, жуу, дезинфекциялау, жұмыс орнын, құрал-жабдықтарды, аспаптарды жинау және оларды тиісінше ұстап тұру жұмыстарын атқарады;
- Бекітілген аспаптар мен жабдықтардың жағдайын және жұмыс істейтіндігін бақылап отырады;
- Тығындау процесін орындау үшін жабдықта қолданылатын шығыс материалдарын, технологиялық құрал-жабдықтарды, аспаптар мен приспособленияларды дайындайды;
- Тығындау жабдығында тапсырманы орындау үшін қажетті шығыс материалдарын қабылдау үшін жұмыс аймағын дайындайды;
- Шығыс материалдарының, тығындау жабдығында тапсырманы орындау үшін қажеттіліктерінің сәйкестігін тексереді;
- Тығындау жабдығында тапсырманы орындау үшін қажетті технологиялық құрал-жабдықтардың, аспаптардың және приспособлениялардың бар-жоғын және жұмыс істеу жағдайын бақылап отырады;
- Тығындау жабдығын тапсырманы орындау үшін баптайды;
- Тығындау жабдығының қосалқы құрылғыларын реттейді;
- Серия розливі аяқталғаннан кейін тығындау жабдығын қызмет көрсетеді;
- Тығындау жабдығын жуады;
- Тығындау жабдығының негізгі тораптары мен құрылғыларын тазалайды;
- Серіктестік басшылығының тапсырмалары бойынша басқа да әрекеттерді жүзеге асырады;
- Жұмыс орнында сау және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді. Еңбек қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы ережелер мен нормаларды сақтайды;
- Еңбек қорғау бойынша нұсқаулықтарды, технологиялық нұсқаулықтарды, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, тікелей жетекшінің ауызша және жазбаша нұсқауларын орындайды;
- Белгіленген тәртіппен мерзімді медициналық тексерулерден өтеді;
- Еңбек қорғау бойынша білімдерін тексеру арқылы оқудан өтеді;
- Белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алу үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерге өтінімдер ұсынады, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің жеткізілу мерзімдерін және сәйкестігін бақылап отырады;

- Басшының болмауы (демалыс, уақытша еңбекке жарамсыздық парағы және т.б.) кезінде Серіктестіктің басқа қызметкерінің міндеттерін уақытша орындайды;
- Тікелей жетекшінің тапсырмаларын орындайды және Серіктестік басшылығының тапсырмалары бойынша басқа да әрекеттерді жүзеге асырады;
- Еңбек, ұжымдық шарттар, жұмыс берушінің актілерімен келісімдерге сәйкес еңбек міндеттерін орындайды;
- Техникалық спецификацияны әзірлеу, бағаларды мониторингтеу және мемлекеттік сатып алу үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді жоспарлау мен жүргізу үшін қажетті құжаттаманы дайындау бойынша жауапкершілік көтереді, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес.